

победа тревел-роликов про Казахстан на международной арене. В апреле 2019 года видеоролик “Куда мы летим?” был признан лучшим рекламным видеоклипком до 90 секунд в номинации “Туристская дестинация” на XVI Международном фестивале туристических фильмов On the East Coast of Europe в Болгарии, а в сентябре того же года оба вышеуказанных ролика выиграли в номинациях “Презентация территорий” и “Объекты активного отдыха и развлечений” на III туристском фестивале-конкурсе видео и анимации “Диво Евразии” в России.

В последние годы зарубежные туристы все чаще выбирают нашу страну как экологическое и активное направление для путешествий. Этому, в частности, способствуют вдохновляющие и мотивирующие кадры рекламных роликов. Безусловно, пандемия внесла серьезные коррективы в маркетинговые планы всех туристских дестинаций. При этом не стоит забывать про отложенный спрос. Для этих целей, например, создатели этих роликов – АО “НК “Kazakh Tourism” по заказу Министерства культуры и спорта и Photosafari Group – сделали ремейк на “Travelstan”, который призывает любителей путешествий беречь себя в период пандемии и запланировать свой отдых “завтра” [6].

Технологический прогресс происходит на постоянной основе, поэтому, необходимо уделить как можно больше внимания своевременному развитию цифровых технологий в области туризма. Необходимо проводить больше исследований, развивать в молодом поколении креативность и осознанность, проводить больше онлайн-мероприятий с целью вовлечения большего числа заинтересованных лиц в распространение туристского потенциала страны на цифровом медиа пространстве.

Список использованных источников:

1. Особенности и преимущества продвижения туризма с использованием цифровых технологий [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://the-steppe.com/gorod/kak-cifrovye-tehnologii-vliayut-na-razvitie-turizma>
2. Цифровые тренды в туризме 2020 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://welcometimes.ru/opinions/cifrovye-trendy-v-turizme-2020>
3. Кейс TripAdvisor [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://the-steppe.com/gorod/kak-cifrovye-tehnologii-vliayut-na-razvitie-turizma>
4. Суперприложения для путешествий [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://rb.ru/longread/turizm-v-cifre/#rec215617188>
5. Развитие стран с использованием цифровых технологий [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://the-steppe.com/gorod/kak-cifrovye-tehnologii-vliayut-na-razvitie-turizma>
6. Акмола Ньюс [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://aqmolanews.kz/ru/2020/09/24/rolik-pro-kazahstan-stal-laureatom-prestijnoi-premii-v-oblasti-turizma/>

УДК 379.85

ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДА ЕЛІМІЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ІШІНДЕГІ ТАРАЗ ШАҒАРЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ.

Төлеу Талшын Рашидқызы

toleutoleu@mail.ru

“Туризм” кафедрасының аға оқытушысы

Л. Н. Гумилев, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-Шарапаева Бота Жаңабекқызы

Бүгінде туризм бұл әлем бойынша жалпы өнімнің 10% - ын құрайтын қуатты әлемдік индустрия, аса маңызды экспорттық индустрия, түрлі кәсіптер мен біліктіліктердегі миллиондаған қызметкерлерді тартатын ірі инвестициялар саласы. Халықаралық туризм

экономикалық және кәсіпкерлік қызмет, сауда және жарнама, ақпараттық және мәдениетаралық коммуникация саласы ретінде қазіргі заманғы процестердің ерекшелігі мен ауқымы және жаһандану тенденциялары айқын көрінетін сала болып табылады. Коммуникациялық, ақпараттық, өндірістік, маркетингтік, білім беру туристік кеңістігі туристік саясатқа, экономикаға, технологияға, білімге әсер ететін жаһандану процестерімен толығымен қамтылған.

Бір жағынан, жаһандану туризмнің дамуына ықпал етеді, өйткені ол халықаралық саяхатты жеңілдетеді және шетелдік туристерге ұлттық шекарадан өту, қонақ үйлер мен мейрамханалардың таныс брендтерін табу, бүкіл әлем бойынша саяхаттау арқылы сөйлесу оңайырақ. Екінші жағынан, туризм жаһандануға ықпал етеді, өйткені миллиондаған саяхатшылар біздің әлемді кішірейтіп, оны "ғаламдық ауылға" айналдырып, жаппай туристік мәдениетті таратады.

Туристік ағындардың қарқынды өсуі, туристік бизнестің шекарасын кеңейту, жаңа туристік бағыттардың пайда болуы және қолданыстағы туристік бағыттардың әртараптандырылуы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, туристік өнімді орналастыру және тарату жүйелерінің қарқынды дамуы, адам ұтқырлығының ауқымы бойынша іс жүзінде таралуы туристік алмасуларға тартылған елдер мен мәдениеттерге, қоғамдар мен жергілікті мәдени қоғамдастықтарға, азаматтар мен қазіргі заманғы адамның жеке басына айтарлықтай әсер ете алмайды.

Ұлан байтақ еліміз тарихи, әрі мәдени мұралы бай ел. Еуразия құрлығының орталығында орналасып, жеріміз әлемнің көне өркениеттері мен көлік жолдарын байланыстыратын, батысы мен шығысын, оңтүстік пен солтүстік арасындағы әлеуметтік және экономикалық, мәдени және идеологиялық құрылымдарды ұштастырған. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде қазіргі Қазақстан аумағында өзіндік мәдени тарихы бар мемлекеттер пайда болды және дамыды, әрі тарихи қойнауға ие Ұлы Жібек жолы орналасты. Сол дәуірдің мұрасы деп тарих пен мәдениеттің көптеген ескерткіштері, географиялық көрнекті ұлттық нысандарымызды жатқыза аламыз.

Мәдени демалыс, ойын-сауық пен демалыстың барлық түрлері сияқты, бір орында тұрмайды. Ол жаңа мүмкіндіктерге ие болады, кеңейеді және рационализацияланады, оның мазмұнының өсіп келе жатқан шекараларын анықтайды. Бұл процесте халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ұлттық нысандарды, демалыс орталықтарын, экологиялық және этно-парктерді, әртүрлі мәдени, табиғи және тарихи қорықтарды құру ерекше рөл атқарады [1].

Еліміздің Ұлы Жібек Жолында орналасуы дүниежүзілік маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерге бай болуымен тығыз байланыста. Осы Ұлы Жібек жолында транзиттік турларды ұйымдастыру өте өзекті, өйткені бұл Қазақстанға Жапония, Малайзия, Қытай, Корея сияқты елдердің, сондай-ақ Еуропа мемлекеттерінің қызығушылығын арттырып, дамытуға мүмкіндік береді. Ұлы Жібек жолы- Қазақстандағы туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі, әрі мүмкіндігі.

Әлемдік тәжірибе бойынша шетелде өз елінің мәдениетін танымал етудің тиімді құралы ретінде мәдени-танымдық туризмнің ерекше рөлін көрсетеді. Шетелдік туристерді тарту креативті индустрияны қарқынды дамытудың маңызды шарты болып табылады.

Ұлы Жібек жолы- бастапқыда Қытайды Орта Азия, Каспий маңы, Жерорта теңізі және Батыс Еуропа елдерімен жалғастырған ежелгі халықаралық сауда-дипломатиялық жол болды.

Қазіргі уақытта Жібек жолы Орталық Азия халықтарының көшпелі және отырықшы-егіншілік мәдениеттерінің өзара іс-қимылының терең үдерістерін көрсететін тарих, археология, сәулет, қала құрылысы және монументалды өнер ескерткіштерінің бірегей кешені болып табылады.

Жібек жолының тарихи мұрасы хронологиялық және мәдениеттану аспектілерінде өркениеттің екі жаһандық құбылысынан - Еуразия құрлығы аумағындағы киелі жол мен көші-қон процестерінің басталуын белгілеген көшпелі әлемнің рухани және материалдық


мәдениетінің ежелгі қатпарларынан және адамның мекендеу ортасын қалыптастырған отырықшы-егіншілік мәдениеттерінің бай мұрасынан тұрады.

Мекендеу ландшафтын этномәдени сәйкестендіруді жаңғырту, Жібек жолының тарихи орталықтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасау және оларды халықаралық туризм жүйесіне енгізу қажеттілігі осы бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Еліміздің экономика тұрғысынан тың серпін берген Ұлы Жібек жолынан өтетін - «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі. Бұл жол Қытайдан Қазақстанға, Орталық Азия елдеріне, Ресейдің батыс өңірлері мен Еуропаға тауар тасымалдаудың ең қысқа бағыты. Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған бұл жоба аз уақыттың ішінде өзінің тиімділігін дәлелдеп берді.

Ұлы Жібек Жолын бес ғасырдан соң қайта жаңғыртуды ұсынған Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы күллі әлем жұртының назарын аударған еді. Аз уақытта жүзеге асқан бұл ауқымды жоба ел экономикасының негізгі күретамырының біріне айналды деуге негіз бар. Көлік дәлізі еліміздегі халық саны бес жарым миллионға жуық адамды құрайтын 200 елді мекенді қамтыды.

Жалпы ұзындығы 8445 километр болса, оның ішінде 2787 шақырымы біздің елге тиесілі. Яғни, олар Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарын қамтыды және әлеуетін көтеруге әсер етті деуге болады. Маңындағы халық жұмыспен қамтылып және қозғалыс жеңілдеді. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі-Қытайдан Қазақстанға, Орталық Азия елдеріне, Ресейдің батыс өңірлері мен Еуропаға тауар тасымалдаудың ең қысқа бағыты дей аламыз. Бұл Шығыс пен Батысты жалғайтын 40 күндік теңіз жолын 4 есе қысқартты.



(1-сурет)

Мысалы, 2009 жылы осы транзит бойынша 160 мың тонна жүк транзитпен өтсе, ал 2017 жылы 600 мың тоннаға жетті. Алдағы уақытта тағы жоғарыоап дамитыны сөзсіз және еліміздің қазынасына түсетін пайда да артады деп сенеміз [2].

Осыған орай елімізде бағдарламалар жүргізілді және жүргізілуде. Тиісінше, бағдарлама осы ұлттық игілікті зерделеу және сақтау мәселелерін де, Қазақстан халықтарының рухани мұрасын сабақтастықпен дамыту, Жібек жолы трассасының тарихи қалалары мен басқа да этномәдени орталықтарын қайта жаңғырту, олардың дәстүрлі құрылыстары мен ландшафттарын туризм инфрақұрылымын ұйымдастыру үшін пайдалану проблемаларын да қамтиды.

Қазіргі таңда Қазақстан ұлттық жаңғыру кезеңін бастан кешуде. Себебі, тұңғыш Президентіміз Н. Ә.Назарбаевтың баяндамасында айтылғандай елдегі өзгерістер ұлттық

мемлекеттіліктің жандануы ретінде сипатталады. Сонымен қатар халық қолөнері, халық әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі және ұлттық спорт түрлері, титулдық ұлттың діні, ұлттық білім және қазақ тілі, ән жанры және қазақ тіліндегі нұсқа қайта жанданды. Әсіресе, мәдениет туралы заңына келер болсақ, қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғырту, сақтау, дамыту, пайдалану және тарату саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

Бағдарлама 1998 жылы қабылданған болатын, басты мақсаты Жібек жолы трассасының қазақстандық учаскесінің урбандалуының тарихи жүйесінің жалпыұлттық, әлеуметтік-экономикалық және халықаралық рөлін жаңғырту болып табылады. Оның ішінде бірнеше негізгі іске асырылу тиіс міндеттері бар. Оның ішінде ежелгі этномәдени процестерді зерттеу, Жібек жолы трассасының объектілерін археологиялық, сәулеттік, қала құрылыстық зерттеу. Жібек жолының тарихи-мәдени мұрасы туралы деректер құру, туризм объектілерінің тізбесіне енгізілген Жібек жолы трассасының Тарихи қалалары мен басқа да қоныстарын дамытудың негізгі кезеңдерін консервациялау, музейлендіру және абаттандыру. Жібек жолы қалалары мен қоныстарының дәстүрлі құрылысы негізінде туризм инфрақұрылымын құру: сервистік қызмет көрсету және сауда кәсіпорындары, қажылық және туристік кешендер, халық қолөнері шеберханалары, этнографиялық мұражайлар мен театрлар, салттық-діни және тарихи-діни орталықтар және т.б. Осы арқылы өңірлік экономиканың дамуын ынталандыра аламыз және жергілікті халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ете аламыз.

Жібек жолының қазақстандық учаскесі қалаларының жүйесінде Тараз қаласы да ерекше орын алады. Осы қалалардың халықаралық сауда орталығының бірегей келбеті мен функциясын жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылуда және сол жұмыстардың нәтижесін көрудеміз.

Жібек жолы бойында орналасқан Тараз қаласында алыс және жақын шетел туристерін қабылдау және орналастыру бойынша қызмет көрсететін туристік компаниялар, БАӘ, Түркия, Қытай, Германия және т.б. шоп-турлар мен сапарлар, визалық қызметтер және жеке құжаттарды ресімдеу, Қазақстанның тарихи орындарына турлар, Қазақстан пансионаттарында демалу және емделу, авиабилеттерді сату бар. Бұл компаниялар туризмнің барлық түрлерін қамтиды (кіру, шығу және ішкі).

2020 жыл

Жамбыл	Қаңтар- наурыз	Қаңтар- маусым	Қаңтар- қыркүйек	Қаңтар- желтоқсан
	187	181	180	185

(stat.gov.kz сайты бойынша орналастыру орындарының саны)

Өкінішке орай, бүгінгі таңда туроператорларда туризмнің қандай түрін дамыту керектігі туралы нақты түсінік жоқ. Туристік кәсіпорындардың әлсіз маркетингтік компоненті байқалады. Туристік фирмалардан басқа, мейрамханалар, қонақ үйлер және т. б. ұйымдар туристік қызметтерді жеткізушілер болып табылады.



(2-сурет)

(3-сурет)

Жамбыл облысының 80 жылдығына орай Тараз қаласының орталығынан «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешені ашылды. Мұнда барлық құрылыс жұмыстары ортағасырлық шығыс сәулеттік стилінде жүргізілген. «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешенінде «Руханият және тарихтану» орталығы, «Қолөнер шеберлерінің галереясы», «Көркемсурет галереясы», «Облыстық тарихи-өлкетану музейі», «Ретро-фестиваль» амфитеатры-сыйымдылығы 1000-нан аса адам, сахнасының жалпы аумағы 2000 ш.м. мұндай амфитеатр елімізде тек Нұр- Сұлтан, Алматы, Ақтау қаласында бар, енді Тараз шаһарында бой көтерген. «Көрме» павильоны-екіқабатты нысан, аумағы 2830 ш.м., ғимаратқа үлкен күмбез орнатылған. «Сағат» стелласы-биіктігі 40 метр, диаметрі 4 метр, елімізде алғаш рет Таразда бой көтерді және «Арбат-2» жаяу жүргіншілер алаңы сияқты 8 нысан қамтылған. Бүгінде аталған кешендегі 8 нысан бойынша құрылыс-монтаж, әрлеу-безендіру жұмыстары толығымен аяқталған. «Арбат» жаяу жүргіншілер алаңында-8 бұрышты 4 субұрқақ орналасқан. Мұнда көне Тараздан табылған жәдігерлердің, ескерткіштердің макеттері де орналасқан.

Арбаттан 500 метр қашықтықта "MART" сауда-ойын-сауық кешеніде бас көтеріп, қазіргі таңда шаһар жастарының, кәрісінің көңіл көтеру орнына айналып отыр. Айта кету керек, бұрын Таразда өз Арбаты болмаған. Осы тұрғыдан алғанда, жаяу жүргіншілер аймағын құру тараздықтар мен ежелгі қала қонақтары үшін керемет сыйлық болды.



(3-сурет)

Тараз қаласынан шығысқа қарай 50 километрдей жерле ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген ежелгі «Ақыртас» сарай кешені орналасқан. Бұл ортағасырлық мәдениеттің ескерткіші ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген болатын. Көркі көз тойдырар тарихи қалашық терең құпиялармен тығыз байланысты, сондықтан ғалымдар оның пайда болуы жайлы теорияларын әлі де ұсынуда деседі. Қалашық үлкен тас блоктардың қалдықтары, оның құрылысы өткен ғасырларда іс жүзінде мүмкін емес болған, бұл көптеген ғалымдар мен этнографтарды таңғалдырады. Сарай ғимараты төрт бөліктен тұрады, ал кешен пайдалы қазбаларды өндіруге арналған тау разрезін, саябақты және тұрғын үй құрылыстарын қамтиды. Қабырғалары өте қатты және берік, ал іргетасының биіктігі 4 метрге дейін жетеді. «Ақыртас» сарай кешені бірнеше әлемдік те отандықта да ғалым, зерттеушілерімізді қызықтыруда, бұл мекеннің зерттеу жұмыстары бүгінгі күнге дейін әлі де жалғасуда.

Тараз шаһарындағы туризм саласының даму жағдайын SWOT – талдау:

Күшті жақтары:

- Бай мәдени мұра;
- Тартымды климат.

Әлсіз жақтары:

- Туроператорлар көзімен туризмді дамыту саласының белгісіздігі;

- Қызмет көрсетудің төмен деңгейі; қызмет көрсету сапасының
- Қаланың көптеген қонақ үйлерінде көрсетілетін қызметтердің сапасы бойынша халықаралық талаптарға сәйкес келмеуі;
- Қызмет көрсету саласында және туризм индустриясы объектілерінде кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың әлсіз деңгейі, кәсіптік білім алған мамандардың болмауы байқалады.

Мүмкіндіктері:

- Бәсекеге қабілетті туризм инфрақұрылымын дамыту;
- Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;
- Ішкі және келу туризмін дамыту;
- Мықты мамандар даярлау.

Қауіп-қатерлер:

- Туризм саласын қолдау үшін қаражаттың жетіспеушілігі, өз қаражаты мен инвестициялық ресурстардың тапшылығы.

Осы SWOT-талдауды талдай келе, Жібек жолы бойында орналасқан Тараз қаласының мәдени мұра орындарының, климатының бірден бір күшті жақтарына жатқыза аламыз. Ал әлсіз тұсына қызмет көрсету сапасының мардымсыз екенін әрі сапасы бойынша халықаралық талаптарға сай емес екендігін байқауға болады, себебі сапасы жоғары қызмет көрсететін орындар санаулы ғана және мамандардың барлығы кәсіптік білім алған білікті деуге келмейді. Келесі, дамыту бойынша мүмкіндіктерге келер болсақ, ішкі және келу туризмін дамыта аламыз және сол арқылы бәсекеге қабілетті туризмнің инфрақұрылымын құрып әрі халықты жұмыспен қамтып, мықты маман дайындай аламыз. Бірақ әрине, мұның барлығы белгілі бір қауіпті тудырады, ол осы саланы дамыту үшін қаражат жеткіліксіздігі және инвестициялық ресурс тапшылығынан туындайды [3].

Қорытындылай кетсем, Жібек жолы әлемдік деңгейдегі ең үздік брендтердің бірі болып табылатындығы және Жібек жолының бүкіл бағыты бойынша туристік ресурстар мен өнімдерді жоспарлау және бақыланатын дамыту Жібек жолының барлық елдерінің туризмнен экономикалық пайда алуы үшін маңызды мәнге ие болады. Жібек жолы Еуразияның түрлі елдерінің, мәдениеттерінің, халықтары мен өркениеттерінің бейбіт қатар өмір сүруінің алғашқы үлгілерінің бірі бола білді. Ол ұзақ уақыт бойы Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азияның сауда және мәдени өзара әрекеттесуін өткізді. Ұлы Жібек жолының тарихи, экономикалық, мәдени және коммуникациялық қасиеттерінің осы бірегей кешенін жаңа ғасырда саяси-экономикалық прогресс жолы ретінде пайдалану қазіргі өркениеттің тарихи борышы болып табылады.

Жібек жолы қалалары мен қоныстарының дәстүрлі құрылысы негізінде туризм инфрақұрылымын құру қажет деп санаймыз: сервистік қызмет көрсету және сауда кәсіпорындары, қажылық және туристік кешендер, халық қолөнер шеберханалары, этнографиялық мұражайлар мен театрлар, салттық-діни және тарихи-діни орталықтар және басқа да туристік объектілер. Көне Тараз шаһарындағы киелі мекендер, “Арбат”- тың ашылуы, ойын-сауық орталықтарының ашылуы және бірнеше көрнекті орындар пайда болуы және қомақты қаржы жұмсалып жөндеуден өтуін көре аламыз. Өңірлік халықтың да және келуші туристердің де ойынан шығатындай көрікті етіп жұмыс атқарғанын байқадық. Бұрынғы ежелгі елді мекендердің орындарында орналасқан бұл қалаларға ортағасырлық

Хурлук, Турбат, Исфиджаб, Құлан, Мирки, Талхиз, Жаркент елді мекендері сияқты қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқан маңызды туристік нысандарды қосу керек.

Тараз шаһарының дамуының негізгі ескерткіштері үлкен ғылыми және танымдық қызығушылық тудырады, оларды туристік маршруттарға тартуға, ал кейінгі кезеңдегі құрылыстарды туристік инфрақұрылым мекемелері мен мәдени - этнографиялық орталықтар ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша, еліміздегі мәдени орталықтар және Ұлы Жібек жолын көркейту, әрі жаңғырту міндеттері алға қойылып және соған орай қызметтер атқарылуда. Олар бізді тарихи процесті терең жан-жақты зерттеуге бағыттайды, оны зерттеудің басым бағыттарын анықтайды және дінімізді, ділімізді ұмытпай, дәріптеуге насихаттайтын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Туризм негіздері: оқулық / авторлар ұжымы; Е. Л. Писаревский.
2. Ұлы Жібек жолы аумағында Қазақстана. www.e-talgar.com/, 2013.
3. К. М. Байпақов орта ғасырдағы Қазақстан тарихы (V-XVII ғғ.). — Алматы: Рауан, 1996. — 176 б.
4. Жібек жолы-Қазақстан: тарихты жаңғырту, туризмді дамыту // Қазақстанская правда. — № 267 (24207). — 2003. — С. 3.
5. Жібек жолы бойындағы туризмді дамыту пути. visitkazakhstan.kz/, 2013.
6. ДСҰ Жібек жолы жобасы. www.sairamtour.com/, 2013.
7. Ұлы Жібек жолындағы қазақ бөлігі. Қазақстандағы Ұлы Жібек жолы. www.kazakhstan.orexca.com/, 2013.
8. <https://egemen.kz/article/171847-zhibek-dgolyn-dganhghyrtu-qadamy>.
9. <https://adyrna.kz/post/24163> .
10. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P980001096_ .
11. Әуезов М. (2005) Ұлы Жібек жолының мәдени дәстүрлерінің жаңғыруы. <https://stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/7> .

ӘОЖ 338.48

ТУРИСТІК БИЗНЕСКЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Тыныштыбай Елжан Ерланұлы

elzhan_8@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының 4 курс студенті

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекші-ә.ғ.к., доцент Ж.А.Дулатбекова

Туризм секторы әлемдік экономиканың дамуында маңызды рөл атқарады. Әлемнің көптеген дамыған елдері өздерінің байлықтарының едәуір бөлігін туристік сектордан түскен табыстардан құрды. Сарапшылардың болжамына сәйкес туризм ұлттық экономиканың саласы ретінде алдағы онжылдықта әлемдегі жетекші экспорттық сала болуға үміттенеді. Бұл тенденция экономикалық өсуге, халықтың мәдени және материалдық деңгейінің көтерілуіне, көліктің жақсаруына және адамдардың бос уақытының көбеюіне байланысты. 2010 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңде әлемдегі туристер саны жылына 3,3% өсіп, 1,8 млрд адамға жетеді деп болжануда. ЮНВТО мәліметтері бойынша туризм әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, 1,4 триллион доллар экспорттық кірісті және шетелдік инвестициялардың 11% -дан астамын, сондай-ақ әлемдегі әрбір 11-ші жұмыс орнын қамтамасыз етеді [1].

Қазақстанда халықаралық туристік нарықта өзінің лайықты орнын алуға мүмкіндік беретін бірегей табиғи ресурстар мен мәдени-тарихи ескерткіштер бар. Батыс Еуропа - Батыс Қытай транзиттік дәлізінің құрылысы аяқталған жағдайда Ресейге, Солтүстік-Шығыс Азияға